

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ  
ҚАЗАҚ ТІЛІ ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БІРЛЕСТІГІ  
ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АКАДЕМИЯСЫ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ**

**Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК МЕКТЕБІ  
ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ КАФЕДРАСЫ**



**«Тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту: тәжірибе,  
мәселелер және перспективалары» атты ғалымдар мен  
мұғалімдердің халықаралық ғылыми-практикалық  
конференциясы материалдарының**

**ЖИНАҒЫ**

31 қазан 2025 жыл.

Астана қ.

*Конференция AP23490928 «Қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқытудың инновациялық технологиясы» атты ғылыми жоба аясында ұйымдастырылды.*

ӘОЖ 80/81+821  
ББК 81.2+84  
Т93

**Жалпы редакциясын басқарған – Қапантайқызы Ш.  
Редакциялық ұжым: Бибекөв Қ.Т., Кенжалин Қ.К., Шоқабаета С.С.,  
Аитова Н.Н., Баймұханбетова М.Б., Бегимова Г.А.**

«Тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту: тәжірибе, мәселелер және перспективалары» атты ғалымдар мен мұғалімдердің халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы материалдарының жинағы. 2 томдық., 1-том. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2025. – 245 бет.

ISBN 978-601-385-146-4

Бұл жинақта тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту мәселесінің ғылыми-теориялық және әдістемелік мәселелері қарастырылып, заманауи озық тәжірибелері жинақталды. Авторлар еңбектерінде білім беру кеңістігінде тұлғаның рухани-адамгершілік құндылықтарын дамыту, тіл арқылы мәдениет пен ұлттық дүниетанымды меңгерту, әдеби шығармаларды аксиологиялық тұрғыдан талдау сияқты мәселелер ғылыми тұрғыда ұсынылды.

Сонымен қатар, жинаққа құндылыққа негізделген тілдік және әдеби білім берудің инновациялық әдістерін, педагогтардың кәсіби даярлығы мен құзыреттілігін жетілдіру жолдарын, қазіргі білім беру жүйесіндегі гуманистік бағыттардың орны мен болашағын айқындауға бағытталған енгізілді.

Материалдар тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту әдістемесінің, аксиолингводидактиканың өзекті бағыттарына қызығушылық танытқан зерттеушілерге, жоғары оқу орындарының оқытушыларына, мектеп мұғалімдеріне және магистранттарға арналады.

ISBN 978-601-385-146-4

ӘОЖ 80/81+821  
ББК 81.2+84

© Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2025.

дүниетанымды дәріптеуге мүмкіндік беретін маңызды педагогикалық бағыт ретінде қарастырылуы тиіс.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: Теориясы және әдістемесі. – Алматы, 2000. - 208 б.
2. Қайдар Ә. Халық даналығы. - Алматы: Санат, 2004. - 560 б.
3. Смағұлова Г. Мәдениетаралық коммуникация және ұлттық болмыс. - Алматы: Қазақ университеті, 2012. - 180 б.
4. Уәли Н. Тіл мәдениеті және ұлттық сана. - Алматы: Қазақ тілі, 2010. - 212 б.
5. Жанпейсова М. Модульдік оқыту технологиясы және құндылық бағдар. - Астана: ЕҰУ баспасы, 2015. - 156 б.

## БОЛАШАҚ ҚАЗАҚ ТІЛІ МҰҒАЛІМІНІҢ АКСИОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ

<sup>1</sup>Аубакирова С.Т., <sup>2</sup>Қапантайқызы Ш.

<sup>1</sup>2 курс магистранты, <sup>2</sup>Ғылыми жетекші: П.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан.

Қазіргі жоғары білім беру жүйесінің басты міндеті – жеке тұлғаның кәсіби ғана емес, рухани дамуын қамтамасыз ету. Бұл міндетті жүзеге асырудың маңызды жолдарының бірі – болашақ мұғалімдердің аксиологиялық (құндылықтық) құзыреттілігін қалыптастыру. Өз кезегінде тіл мен әдебиет мұғалімі оқушылардың тілдік қабілетін дамытумен қатар, олардың рухани және мәдени құндылықтарын да қалыптастырады. Бұл зерттеу жұмысы негізінде қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі мамандығы студенттерінің бойындағы аксиологиялық құзыреттілігін дамытудың алғышарттары мен өз тәжірибеміз бойынша жүргізілген әдіс-тәсілдердің нәтижесін шығаруды мақсат етеміз.

Аксиологиялық құзыреттілік тіл білімін оқыту арқылы алынған білімнің құндылықтық және студент бойында жеке тұлға қалыптастырудың пайдалық мәніне көбірек назар аударады. Аксиология – құндылықтар теориясын зерттейтін философияның бір саласы, ол адамдағы ізгілік пен дұрыс мінез-құлықты сипаттауға бағытталған сала [1]. Аксиологиялық тұрғыдан қарағанда, білім алушылар тіл үйрену және үйретудің құндылық аспектісін негізге алып, тіл білімін меңгерудің практикалық және рухани маңызын арттырады. Тілді оқыту үдерісі арқылы білім алушылар әртүрлі тілдік стильдерді айырып тануға, тілдік формаларды талдауға, сондай-ақ ойды, идеяны және ақпаратты дәл, еркін, орынды түрде жеткізуге дағдыланады. Яғни, аксиология аспектісі тіл үйренудің адам тұлғасын құндылық тұрғысынан қалыптастырудағы және қоғамдық коммуникация мәдениетін арттырудағы рөлін айқындайды.

Тұлғаның құндылық бағдар жүйесі – «адамның өмірлік әлемі», «әлемнің бейнесі», әлеуметтік ортаның ішкі нұсқаулары, нормалары, уәждемелік қажеттілік өрісі, адам белсенділігінің негізгі реттеушісі [2]. Құндылық бағдар адам санасының негізін құрайды, дүниетанымдық көзқарастарына ықпал етеді және өзгермелі саяси-экономикалық жағдайда тұлғаның тұрақтылығын сақтауға көмектеседі. Бұл нұсқаулар уәждемені басқаруға, тұлғаның іс-әрекетін бағыттауға және оның мінез-құлқын анықтауға қызмет етеді. Осылайша, құндылық бағдар негізгі, тұрақтандыратын, реттейтін және бағыттайтын қызметтерді атқарады. Тұлғаның құндылық бағдары тек тұлға қалыптасу уақытына дейін ғана емес, өмір бойы жүретін процесс. Адам өмірінде орын алатын факторлар, оның әлемге деген көзқарасы мен қарым-қатынасын, маңызды деп қабылдайтын аспектілердің ауысып отыруын қамтамасыз етеді. Яғни, құндылық жүйесі де әрдайым ауыспалы күйде болады.

Жоғары оқу орнының оқушысының бойында құндылық бағдар дамытудың жолы – аксиологиялық тәсіл. Құндылыққа бағытталған оқыту үдерісінде студент тіл мен мәдениеттің өзара байланысын түсініп, кәсіби қызметінің рухани мәнін ұғынады. Мұндай тәсіл оқыту үдерісінде тек білімді меңгеру ғана емес, сонымен қатар тұлғалық-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Аталмыш тәсілді ғалым Королева А.В. өз зерттеуінде студенттерді әлеуметтік тәрбиелеу арқылы ұлттық сананы жаңғыртудың әдіснамалық

тәсілдеріне енгізеді [3]. Аксиологиялық тәсіл барлық гуманистік тұжырымдамалардың негізі, онда адам адамзаттың ең жоғары құндылығы ретінде әрекет етеді. Аксиологиялық көзқарас тәрбие ұлттық және әлемдік мәдениеттің рухани-адамгершілік дәстүрлері мен нормаларына негізделуі керек деп тұжырымдайды. Бұл тәсіл студент бойында кәсіби құндылықты дарытудың да өзегі десек, қазақ тілі мен әдебиеті мамандарын дайындауда тек тілдік құндылық ұғымдарын көздемей, кәсіби аксиологиялық құзыреттілігін де арттыратыны анық.

Әлеуметтік тұрғыдан қолайлы ортада адам қоғамда маңызы бар мінез-құлық пен іс-әрекет формаларына сай қажеттіліктерін қалыптастырады. Қоғам өз кезегінде тұлғаның таңдау ұстанымдарына сәйкес келетін бірыңғай құндылықтар жүйесін айқындайды, оған терминалдық және инструменталдық құндылықтар жатады. Тұлғаның кәсіби дамуы оның құндылықтар жүйесін түсінуімен және қабылдауымен тікелей байланысты. Бұл процесс адамның кәсіби тұрғыдан психологиялық, аксиологиялық және тұлғалық қалыптасуында айқын көрініс табады. Кәсіби дамудың ішкі құрылымдарына жаңа технологияларды енгізу, кәсіби маңызды мәселелерді шешудің жаңа тәсілдерін қолдану, студенттің оқу барысында жеке әлеуетін ашуға мүмкіндік беретін тұлғалық сапаларын жетілдіру, сондай-ақ мотивтер мен құндылықтар жүйесін жаңарту кіреді. Р.К. Төлеубекованың пайымдауынша, құндылық бағдарлар жүйесі маманның өз кәсіби міндеттеріне деген тұлғалық қатынасын қамтиды [4].

Осылайша әрбір мамандықтың өзіне тән мәні мен мазмұнын айқындайтын ерекше құндылықтары бар екенін ескерсек, «кәсіби құндылықтар» ұғымы адамның кәсіби іс-әрекетінде басшылыққа алатын, меңгеретін және жүзеге асыратын құндылық бағдарларын білдіреді. Сол себепті «кәсіби құндылық» – тұлғаның кәсіби қызметіндегі әлеуметтік және жеке маңызы бар нәтижелерге қол жеткізуін қамтамасыз ететін негізгі құрал ретінде қарастырылады [5]. Демек құндылық категориясын зерттеу адамның таңдау ерекшеліктерін және оның өмірдің түрлі құбылыстарына деген көзқарасын анықтауға мүмкіндік беретін әдіснамалық негіздермен сипатталады. Аксиологиялық тұрғы тұлғаның үйлесімді дамуын және кәсіби білімнің мәнін гуманистік бағытта түсіндіруге жағдай жасайды. Бұл тұрғыдан алғанда, құндылық ұғымдарының объективті сипаты адамның жалпы болмысын айқындайды. Аксиологиялық және гуманистік тәсілдердің өзара байланысы «құндылықтар мен мақсаттардың» арақатынасын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Ф.Ш. Оразбаева өз еңбектерінде студенттің өздік және шығармашылық жұмыстарының тілдік және тұлғалық дамудағы маңызын ерекше атап көрсетеді. Ғалымның пікірінше, мұндай жұмыстар студенттердің сөздік қорын байытып, қазақ тілінің қолданыс аясы мен қатысымдық мүмкіндіктерін терең тануға жол ашады. Бұл үдерісте студенттерге этикеттік орамдар, көріктеуіш тілдік құралдар, тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдер ұсынылып, олардың тілдік қорына орнығуына бағытталған тапсырмалар орындалады. Мұндай әдістемелік тәсіл оқу мотивациясын арттырып, студенттің қазақ тілін еркін әрі белсенді қолдануына ынталандырады. Сонымен қатар, интеграциялық сипаттағы білім мазмұны жастардың ұлттық құндылықтарға құрметпен қарауына, ұлттық рухының нығаюына ықпал етеді. Ал қазақ тілінің ішкі әлеуетін тану болашақ маманның кәсіби қызметінде оны орынды қолдануға ұмтылысын арттырып, кәсіби өмірде тілдің маңызын сезінуге жетелейді. Ең маңыздысы бұл үдеріс студенттің интеллектуалдық әлеуетін дамытып, өз халқының мәдени және рухани мұрасын қадірлей білетін нағыз зиялы тұлға ретінде қалыптасуына негіз болады [6].

Жоғарыда атап өткеніміздей, зерттеу жұмысының негізі ретінде педагогикалық іс-тәжірибемізде қолданылған әдіс-тәсілдердің нәтижесі бойынша қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау мамандығында оқитын 4-курс студенттерінің БӨЖ (білімалушының өзіндік жұмысы) жұмыстарын алдық. Тәжірибенің басты мақсаты – қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі мамандығы студенттерінің бойында кәсіби, мәдени және рухани құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған әдіс-тәсілдердің тиімділігін анықтау. Тәжірибелік жұмыстар барысында студенттердің тілді меңгеру деңгейімен қатар, олардың кәсіби бағдарын айқындау, мәдени сана мен этикалық құндылықтарды дамыту көзделді. Сабақтар мазмұны мен формасы жағынан студенттің жеке тұлға ретіндегі дамуын, өзін-өзі тануын және қоғам алдындағы кәсіби жауапкершілігін сезінуін қамтамасыз етуге бағытталды.

Қазақ тілі мұғалімі ретінде кәсіби бейнесін қалыптастыру мақсатында «Қазақ тілі мұғалімі – қазіргі Қазақстан қоғамындағы ең қажетті мамандық» тақырыбында эссе жазу жұмысын ұтымды деп қарастырдық. Тапсырманың негізі мақсаты – студенттердің өз мамандығына деген көзқарасын анықтап, мұғалім еңбегінің рухани және әлеуметтік құндылығын сезіндіру. Сабақта эссе жазу және өзара бағалау әдістері қолданылды. Бұл әдіс студенттің кәсіби ойлауын жетілдіріп, өз пікірін дәлелді түрде жеткізу дағдысын қалыптастырды. Эссе жазу арқылы студенттер берілген мәселені өз ойың жеткізу, басты құндылықтарды қазіргі өмірмен байланыстыра отырып, өзіндік көзқарасын білдіру арқылы ашады, дәлелдейді, тезис арқылы пайымдайды [7]. Эссе жазу барысында студенттер мұғалім мамандығын тек кәсіп емес, қоғам мен ұлттың рухани тірегі ретінде қарастырып, «мұғалім – ұлттық сананы қалыптастырушы тұлға» деген ұстанымға келді. Сабақ нәтижесінде студенттердің сыни ойлау дағдылары, рефлексия жасау қабілеті және кәсіби жауапкершілігі артты. Өзара бағалау үдерісінде әділдік, құрмет және сенім сияқты адамгершілік құндылықтар айқын көрініс тапты. Бұл сабақ аксиологиялық тұрғыдан студенттің кәсіби-рухани бағыттылығын тереңдетіп, мамандықтың қоғамдық маңызын ұғындыруға септігін тигізді. 1-кестеде эссе жұмыстарын өзара бағалау үшін бағалау критерийлері ұсынылған.

Бағалау критерийлері	Сұрақтар	Баға
Кіріспе	Тақырып анық көрсетілген бе? Негізгі ойы айқын ба?	
Негізгі бөлік	Дәлелдер жеткілікті ме? Мысалдар қолданылған ба?	
Қорытынды	Ой тұжырымдалған ба? Оқырманға әсер қалдыра ма?	
Логика мен құрылым	Ойдың логикалық тізбегі ретімен берілген бе? Абзацтар дұрыс бөлінген бе?	
Тілдік сауаттылық	Грамматикалық, орфографиялық, тыныс белгілері сақталған ба?	
Шығармашылық	Ерекше ой, өзіндік көзқарас байқала ма?	

1-кесте. Эссе жұмысын бағалау критерийлері

Тұлғалық құндылықтарын дамытып, кәсіби ойлау дәрежесін арттыру үшін Т. Шонановтың «Зерттеу әдісі» мақаласын рөлдік талдау әдісі ұйымдастырылды. Басты ерекшелігі – студенттерге әртүрлі әлеуметтік және кәсіби рөлдер беріліп, мақаланы сол рөлдер тұрғысынан талдау тапсырылды (мысалы, зерттеуші, тілші, тарихшы, әдіскер, журналист, министрлік өкілі т.б.). Бұл әдіс студенттердің аналитикалық, сындарлы және шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытты. Әр рөл нақты әлеуметтік көзқарасты бейнелегендіктен, студенттер өз ұстанымын дәлелдеуге және өзгенің пікіріне құрметпен қарауға үйренді. Аксиологиялық жағынан рөлдік талдау әдісі студенттерде толеранттылық, объективтілік, әділдік және ғылыми адалдық құндылықтарын қалыптастырды. Сабақ барысында пікірталас мәдениеті, кәсіби этика және интеллектуалды өзара құрмет орнады. Нәтижесінде, студенттер зерттеу әдісін теория жүзінде ғана емес, тәжірибеде де қолдану мүмкіндігін көрді, ал бұл олардың кәсіби аксиологиялық құзыреттілігінің қалыптасуына айтарлықтай әсер етті.

Қазақ тілін оқытуда әдеби мәтіннің, соның ішінде өлеңнің орны ерекше. Өлең – тіл мен мәдениеттің, рух пен эстетиканың тоғысқан тұсы. Келесі әдістің басты мақсаты – студенттердің тілдік және әдістемелік құзыреттілігін арттыра отырып, олардың ұлттық құндылықтарға деген құрметін тереңдету. Сабақ барысында әр студент өз қалауымен өлең тандап, оны жатқа айтып және сол өлеңді оқыту әдістемесін ұсынды. Студенттерге келесі жұмыс түрлері міндеттелді: мәнерлеп оқу, жаттау, әдістемелік презентация жасау, шағын топта сабақ үлгісін өткізу; үш тапсырмадан тұратын шағын практикалық жұмыс: өлеңнің құрылымдық ерекшелігіне, тілдік элементтеріне және жаттауға бейімделген тапсырма әзірлеу. Өлең мәтінін тандау мен оны мәнерлеп оқу студентке тек тілдік материалмен жұмыс істеуді ғана емес, эстетикалық талғам мен рухани сезімді дамытуға мүмкіндік береді. Әр студенттің өз талғамымен өлең тандауы — оның жеке көзқарасын, рухани дүниесін және мәдени қабілетін танытты. Бұл процесс арқылы студент бойында сұлулықты сезіну, ұлттық поэзияны қадірлеу, шығармашылық еркіндік пен жауапкершілік сияқты құндылықтар қалыптасты.

Оқыту әдістемесін ұсыну барысында студенттер өздерінің педагогикалық шеберлігін көрсетті: әр топ өлеңді оқыту жолдарын жас ерекшелігіне қарай бейімдеп, нақты тапсырмалар

құрастырды. Бұл тәсіл студенттерге шығармашылық дербестік, ұйымдастырушылық қабілет және жауапкершілік мәдениетін дарытты. Көпшілік алдында сөйлеу, өз идеясын қорғау және өлең арқылы ұлттық дүниетанымды таныту тәжірибесі студенттерді кәсіби тұрғыдан да, адамгершілік тұрғыдан да дамытты. Өлең жаттау барысында қалыптасқан тілдік-эстетикалық сезім студенттің болашақта сабақ беру үдерісінде тілдің көркемдік әлеуетін дұрыс қолдануға ықпал ететіні анықталды. Сонымен қатар, бұл сабақта студент өзін тек тіл маманы емес, рухани тәрбиеші тұлға ретінде сезінді.

Қазақ тілі оқушы бойына құндылық бағдар беру үшін ең тиімді, ұтымды пән. Сондықтан, қазақ тілі мұғалімі ретінде сабақ тақырыбының аксиологиялық бағытын білу, ұйымдастыру да бөлек міндет. Болашақ маман ретінде аталған міндетті атқара алу үшін студенттердің өздеріне зерттеу жұмысы берілді. Әдістемелік зерттеу жұмысының мақсаты – студенттердің бойында қазақ тілінің рухани, мәдени және ғылыми маңызын терең түсіну дағдысын қалыптастыру: зерттеу және талдау; дереккөзбен жұмыс жасау; түсіндіру және салыстырмалы талдау; шығармашылық интерпретация. Сабақ барысында студенттер қазақ тілін рухани құндылық ретінде таныту мақсатында тілдің тарихи дамуы, басқа тілдермен байланысы және қазіргі қолданыстағы ерекшеліктеріне қатысты ғылыми ақпараттарды іздеп, талдады. Құнды ғылыми ақпараттарға қойылатын критерийлер (тақырыппен байланыстылығы, дереккөздің нақтылығы, тарихи және мәдени мәні, заманауилығы, тілдік ықпалдылық және ғылыми дәлдік) негізінде жұмыс жүргізілді. Бұл талаптар студенттерді ғылыми адалдыққа, ақпараттық дәлдікке және зерттеу мәдениетіне баулыды. Студент әрбір алынған ақпараттың мәнін түсіндіріп, оны болашақ оқушыға жеткізу тәсілін көрсетті. Бұл – тіл мен мәдениеттің сабақтастығын сезіндіретін маңызды тәжірибе. Әдіс студенттерге қазақ тілін ұлттық болмыстың басты белгісі ретінде танытуға мүмкіндік берді. Тілді құр грамматикалық жүйе емес, ұлттың дүниетанымын бейнелейтін рухани құбылыс ретінде тану студенттің кәсіби-аксиологиялық көкжиегін кеңейтті. Әр студенттің ізденісі мен түсіндіру жұмысы оның ұлттық сана-сезімін, мәдени жауапкершілігін, рухани ойлау кеңістігін кеңейтті. Студенттердің зерттеулеріне шолу жасау мақсатында кейбірінің идеялары төмендегідей:

1) Сілтеу есімдігін оқыту барысында танымдық құндылық бағдар беру (сілтеу есімдіктерін күнделікті өмірде қолдану арқылы қоршаған ортаны тану: мынау не? т.б.)

2) Одағайларды оқыту арқылы эмоциялық құндылық бағдар беру (одағайлардың басты қызметін негізгі ала отырып, адам баласының эмоциялық реңін беру қызметін сипаттау)

3) Біріккен сөздерді үйрету негізінде тарихи, ұлттық құндылық бағдар беру (жер-су атауларының қойылу уәжін анықтау: Барсакелмес қорығы, Қырыққыз тас мүсіні, т.б.).

Жүргізілген зерттеу нәтижелері қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау үдерісінде аксиологиялық құзыреттілікті дамыту — кәсіби білім берудің маңызды құрамдас бөлігі екенін айқын көрсетті. Зерттеу барысында студенттердің тіл оқытуды меңгеру деңгейімен қатар, олардың рухани-адамгершілік және мәдени құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған әдіс-тәсілдердің тиімділігі дәлелденді. Эссе жазу, рөлдік талдау, өлең арқылы оқыту және зерттеу жұмыстары студенттердің кәсіби ойлауын, сыни және шығармашылық қабілеттерін жетілдіріп, өз мамандығына деген жауапкершілік пен құрмет сезімін арттырды. Әрбір әдістемелік тәжірибе студенттің тілдік дағдысын дамытумен қатар, оның ұлттық рухани дүниесін байытып, адамгершілік ұстанымдарын нығайтты. Нәтижесінде, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының болашақ мұғалімдері тілді тек коммуникативтік құрал емес, ұлттық мәдениеттің рухани өзегі ретінде танып, оны оқытуда құндылықтық көзқарас ұстануға бейімделді. Бұл зерттеу аксиологиялық тұрғыдан кәсіби даярлық мазмұнын байытуға, мұғалім тұлғасының рухани әлеуетін арттыруға және білім беру үдерісінің гуманистік бағытын күшейтуге нақты үлес қосады. *Мақала AP23490928 «Қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқытудың инновациялық технологиясы» атты жоба аясында жазылды.*

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Ginting, D. A., Zaim, M., & Thahar, H. E. (2023). Filsafat Ilmu sebagai Landasan Pengembangan Pendidikan Bahasa. *Journal on Education*, 5(2), 2881-2887. <https://doi.org/10.31004/joe.v5i2.936>

2. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар мен педагогтердің жаңашыл тәсілдері негізінде тәрбие жүйесін жаңарту жолдары: әдіст. құрал. – Астана, 2013.
3. Королева А.В. Креативность и критичность мышления будущих специалистов // Профессионально-личностное развитие преподавателя и студента: традиции, проблемы, перспективы. – Тамбов, 2016. – С. 56-59.
4. Толеубекова Р.К., Аманова А.К. Ценностные ориентации как часть профессиональной компетентности будущих Специалистов в сфере образования // Наука о человеке: гуманитарные исследования. – 2016. – № 1(23). – С. 113-118
5. Канке В.А. История, философия и методология психологии и педагогики: учеб. пос. для магистров / по ред. М.Н. Берулавы. – М.: Издат-во Юрайт, 2014. – 487с.
6. Оразбаева Ф.Ш. Тіл әлемі. Мақалалар мен зерттеулер. Алматы: Ан Арыс, 2009. – 367 б. – Б. 348
7. Миятбекова Ж.К. Эссе жазу әдістемесі. – Шымкент: Өркениет, 2021. – 81 б.

## MAHTUMKULU’NUN DÜŞÜNCELERİNDE DEĞERLER EĞİTİMİ

### H. Açıkgöz

*Türk Dili ve Edebiyatı Öğretmeni, İbrahim Cinkaya Sosyal Bilimler Lisesi, Denizli – Türkiye.*

Değerler eğitimi, bireylerin kişilik gelişiminde temel rol oynayan adalet, doğruluk, cömertlik, vatan sevgisi, sabır ve iman gibi evrensel ilkelerin aktarılması sürecidir. Türk dünyasının büyük şairlerinden Mahtumkulu Fırakî (1733–1790), bu değerleri şiirlerinde açık ve yalın bir dille işleyerek Türkmen halkının manevi rehberi olmuştur. Onun şiirleri, yalnızca Türkmen edebiyatının değil, aynı zamanda Türk dünyası ortak kültür mirasının da temel kaynakları arasında yer almaktadır (Bayramov, 2014, s. 57).

UNESCO’nun 2024 yılını “Mahtumkulu Yılı” ilan etmesi, bu büyük şairin düşüncelerinin günümüzde de geçerli ve evrensel olduğunun göstergesidir. Mahtumkulu’nun eserlerinde yer alan ahlâkî, toplumsal ve dinî değerler, modern pedagojide önemli bir yere sahip olan değerler eğitimi açısından yeniden yorumlanmaya muhtaçtır.

#### 1. MAHTUMKULU’NUN HAYATI VE DÖNEMİ

Mahtumkulu, XVIII. yüzyılda Türkmenistan’ın Gerkez boyuna mensup bir ailede dünyaya gelmiştir. Babası Devletmämmet Azadi, dönemin tanınmış şair ve bilginlerindedir. Mahtumkulu, klasik medrese eğitiminin yanında halkın içinden biri olarak onların dilini, acılarını ve umutlarını şiirine taşımıştır (Aşırov, 2012, s. 18).

XVIII. yüzyılda Türkmen toplumu aşiret kavgaları, parçalanmışlık ve dış baskılar nedeniyle zor bir süreçten geçmekteydi. Mahtumkulu, şiirlerinde halkını birlik, adalet ve iman ekseninde kenetlenmeye çağırılmış; bireysel ahlaktan toplumsal sorumluluğa kadar geniş bir değerler yelpazesi sunmuştur (Buran, 2019, s. 142).

#### 2. AHLAKÎ DEĞERLER

##### 2.1 Adalet ve Doğruluk

Türkmen Türkçesi

Adalatsyz kişi bolmaz döwletli,

Dogrulyk bilen tapar yns izzeti.

Egrilikde ýoluň barar zillete,

Dogry sözlü bolan tapar murady.

(Aşırov, 2012, s. 85)

Türkiye Türkçesi:

Adaletsiz kişi olmaz devletli,

Doğrulukla bulur insan izzeti.

Eğri giden yolun sonu zilleti,

Doğru sözlü olan bulur muradı.